

Телекоммуникациялық байланыс желілерін төсеу және пайдалану үшін жер учаскелеріне "Кар-Тел" ЖШС Жария сервитут белгілеу туралы (шешім жобасы)

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Осакаровка кентінің әкімінің 2025 жылғы 27 мамырдағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару", Осакаровка кентінің әкімі

ШЕШІМІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес телекоммуникациялық байланыс желісін төсеу және пайдалану үшін Осакаровка кентінің жерінде орналасқан қырық тоғыз жыл мерзімге жер учаскесін алып қоймай, ауданы 0,32 га жер учаскесіне "Кар-Тел" ЖШС жария сервитуты белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С.Т. Акижанов